КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2024 жылғы 9 қыркүйек №4712-24-00-2/3124 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ЖАУАПКЕР:**
жеке кәсіпкер Касымалиева Гульнара Жаксымбетовна

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ**:

«Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Касымалиева Гульнара Жаксымбетовна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Касымалиева Гульнара Жаксымбетовнадан мемлекеттің пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 14.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 28.10.2024, судья Борашева А. А., 28.10.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»

4712-24-3-1/2822